



Су объектілерін және ауыз сүмен жабдықтау көздерін пайдалану режимін бекіту туралы туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің м.а. 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 14-1/549 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылды 30 қыркүйекте № 7230 тіркелді.

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 37-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Су объектілерін және ауыз сүмен жабдықтау көздерін пайдалану режимі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Табиғат ресурстарын пайдалану стратегиясы департаменті (Қ.А.Мейрембеков) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министрі М.Е.Толыбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2011 жылғы 13 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Министрдің м.а.

E.Аман

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлік
2011 жылғы 28 қыркүйектегі
№ 14-1/549 бұйрығымен
бекітілген

Су объектілерін және ауыз сүмен жабдықтау көздерін пайдалану режимі

1. Осы Су объектілерін және ауыз сүмен жабдықтау көздерін пайдалану режимі (бұдан әрі - Пайдалану режимі) Қазақстан Республикасы Су кодексінің 37-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Пайдалану режимі экономика салалары мен қоршаған органдар мұқтаждықтарын қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылатын, су объектілерінен және ауыз сүмен жабдықтау көздерінен су алу көлемінің, сондай-ақ, олардың деңгейі мен шығыстарының уақытқа қарай өзгеруін реттеу мақсатында бекітіледі.

3. Пайдалану режимі арнайы су пайдалануға арналған рұқсатнамада көрсетілген су ресурстарының көлемін есепке ала отырып белгіленеді.

4. Су пайдаланушы ағынды реттеу үшін арнайы су пайдалануға арналған рұқсатнама алғаннан кейін он бес қүнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі

бассейндік инспекциясына (бұдан әрі - Бассейндік инспекция) осы Пайдалану режимінің қосымшасына сәйкес нысанда су қоймасын пайдалану режимін келісуге ұсынады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 06.08.2020 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

5. Бассейндік инспекция ұсынылған Пайдалану режимін он бес күнтізбелік күні ішінде қарастырып, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитетіне (бұдан әрі - Комитет) бекітуге ұсынады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның тиісті жылға арналған ресми деректерінің негізінде Бассейндік инспекция ұсынылған Пайдалану режиміне түзетулер енгізеді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 06.08.2020 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

6. Комитет ұсынылған Пайдалану режимін бес жұмыс күні ішінде арнайы су пайдалануға берілетін рұқсаттың қолданыс мерзіміне тең мерзімге бекітеді.

7. Пайдалану режимі бекітілген соң Комитет үш жұмыс күн ішінде Бассейндік инспекцияға бекітілген Пайдалану режимінің көшірмесін жолдайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 06.08.2020 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

8. Бассейндік инспекция бекітілген Пайдалану режимінің көшірмесін екі жұмыс күн ішінде су пайдаланушыға жазбаша түрде жолдайды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 06.08.2020 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

9. Су пайдаланушы Пайдалану режиміне мынадай жағдайларда түзету жасауды тиіс:

суық маусым алдында 1 қарашаға дейін;
жылы маусым алдында 1 сәуірге дейін;
су объектілерінің және ауыз сумен жабдықтау көздерінің экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы өзгергенде;

су объектісінің ықпал ету аймағындағы су пайдаланушылар мен жер пайдаланушылар саны, сондай-ақ олардың су пайдалану жағдайларының өзгергенде.

10. Түзетілген Пайдалану режимін келісу және бекіту осы Пайдалану режимінің 4-8-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде су пайдаланушы Пайдалану режимін жедел реттеу жөнінде шаралар қабылдайды және бұл туралы Бассейндік инспекцияны бір күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде хабардар етеді.

Ескеरту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 06.08.2020 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Су обьектілерін және ауыз
сүмен жабдықтау көздерін
пайдалану режиміне
косьымша

20 жылға арналған су қоймасының пайдалану режимі

*Күкүктық қамтамасыз ету
және мемлекеттік сатып алу
стратегиясы департаментінің директоры*

Ә. Женісов